



ASTANA
INTERNATIONAL
UNIVERSITY

3-тақырып. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ.

Аға оқытушы: Сеилханов Ж.Д.



Қарастыратын сұрақтар:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық бұзушылықтарды қылмыстарға және қылмыстық теріс қылықтарға ажырату негізіне алынған жіктер.
2. Қылмыстық теріс қылық түсінігі және белгілері.
3. Болмашы әрекет.
4. Қылмыс санаттары.

1. Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы және белгілері.

Қылмыстық құқықтағы негізгі мәселелердің бірі қылмыстық құқық бұзушылықтың ұғымын анықтау болып табылады.

Жеке адам мен қоғам арасындағы қақтығыстардың қайсысының қоғамға қауіптілік дәрежесінің басым екендігін анықтау және оған осы мәселеде қылмыстық құқылық шараларды қолдану арқылы осы қатынастарды реттеу – қылмыстық заңның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылық әр уақытта да белгілі бір іс-әрекеттің (әрекет немесе әрекетсіздіктің) көрінісі болып табылады.

Заң шығарушы осындай тұжырымдарға келе отырып, қылмыстың әр уақытта да адамның нақты іс-әрекетінің, мінез-құлқының сыртқа шыққан көрінісі екенін атап көрсетеді.

Адамның құқыққа қайшы мінез-құлқы белсенді әрекет күйінде немесе әрекетсіздік күйде болуы мүмкін. Бұл жерде әрекет дегеніміз адамның қылмыстық заң тыйым салған нәрселерді істеуі, ал әрекетсіздік дегеніміз адамның заң, нормативтік актілер, нұсқаулар немесе арнаулы жарлықтар, бұйрықтар бойынша өзіне жүктелген міндетін орындамауы болып табылады.

Адамның қылмысқа қайшы немесе оған қайшы емес мінез-құлқы оның ойлау жүйелері арқылы, содан соң белгілі бір іс-әрекеттер арқылы көрініс береді. Ондай нақты іс-әрекеттер арқылы көрініс таппаған, жүзеге аспаған ойлар, пікірлер соншалықты қатерлі болғанына қарамастан, қылмыс болып табылмайды. Белгілі бір іс-әрекет арқылы жүзеге асырылмаған адамның ниет-мақсаттары қоғамға қауіп туғызбайтындықтан қылмыстық құқық реттеу саласына жатпайды. Қылмыстық құқық ғылымында бұл мәселе туралы бірауыздан осылай тұжырым жасалған.

Қылмыстық құқық бұзушылық құқылық құбылыс ретінде осы құбылыстың мәнді жақтарын бейнелейтін белгілі бір белгілермен сипатталады. Қолданылып жүрген қылмыстық заңға сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтың түсінігі заңның өзінде көрсетіледі.



2014 жылы 3 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде қылмыстық құқық бұзушылықтың жаңа анықтамасы берілген. Қылмыстық кодекстің 10-бабында қылмыстың және қылмыстық теріс қылық ұғымдары айтылады. Өйткені осы баптың 1-бөлігінде қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді.

Қылмыстық кодекстің 10-бабының 2-бөлігінде осы кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады» – делінген.

Қылмыстық кодекстің 10-бабының 3-бөлігінде – Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады делінген.

Сөйтіп жаңа қылмыстық заң бойынша қылмыстық құқық бұзушылық қылмыс және қылмыстық теріс қылықтың жиынтығы екендігі айқын көрініп тұр. Сонымен жаңа 2014 жылғы Қылмыстық кодексте құқық бұзушылықтың белгілері де айқындалады.

3. Қылмыс санаттары.

Қылмыс санаттары деп оларды нақты белгілері бойынша топқа бөлуді айтамыз. Қылмысты санаттауға іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің сипаты мен дәрежесі немесе қылмыс құрамының жекелеген элементтерін егіз болады.

Қылмыстық заңда қылмысты санаттаудың үш түрлі көрінісі қалыптасқан. Ол біріншіден, іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне қарап қылмысты төрт түрлі санатқа бөлу, екіншіден, қылмыстың объектісі бойынша санаттау. Осы белгі бойынша барлық қылмыстарды Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде бірнеше санатқа бөлініп, объектісінің маңыздылығына қарай бірінен соң бірі орын алған. Мысалы, адам өміріне қарсы, мемлекеттің егемендігіне, басқару тәртібіне, меншікке қарсы, әскери қылмыстар т. б. Үшіншіден, қоғамға қауіптілік дәрежесі бірдей қылмыстар, қоғамға қауіптілік сипаттарына қарай жай, күшейтілген (квалифицированные), артықшылық берілген (привилегированные) болып бөлшектенеді. Мысалы: кісі өлтіру, ауырлатпайтын және жеңілдетпейтін жағдайда кісі өлтіру, жеңілдететін жағдайда жан күйзелу, қажетті қорғану шегінен асып кісі өлтіру болып бөлінеді.

*2014 жылғы жаңа Қылмыстық кодекстің 11-бабына сәйкес:
Қылмыстар сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай:*

- онша ауыр емес қылмыстар;
- ауырлығы орташа қылмыстар;
- ауыр қылмыстар;
- аса ауыр қылмыстар деп бөлінеді.

Жасалғаны үшін Қылмыстық кодексте көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін Қылмыстық кодексте көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын абайсызда жасалған іс-әрекеттер *онша ауыр емес қылмыстар деп танылады.*

Жасалғаны үшін Қылмыстық кодексте көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған іс-әрекеттер *ауырлығы орташа қылмыстар деп танылады.*

Жасалғаны үшін Қылмыстық кодексте көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру он екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер *ауыр қылмыстар деп танылады.*

Жасалғаны үшін Қылмыстық кодексте он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қасақана жасалған іс-әрекеттер *аса ауыр қылмыстар деп танылады.*

Қылмысты осылай етіп санаттарға бөл уқылмыстық құқық ғылымында қалыптасқан қылмыс санаттарын Қылмыстық кодекстің санкциясында белгіленген, қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай бөлу жөніндегі қазіргі заманғы талапқа сай келеді.

Қылмыстық заңның жекелеген бабында көрсетілген санкция мөлшері қоғамға қауіптіліктің дәрежесін бейнелейді және әртүрлі қылмыстардың қоғамға қауіптілік дәрежесімен салыстыруға мүмкіндік береді. Жаза мөлшерінің баптардың санкциясында нақты белгіленуінің өзі судьяның өз білермендігімен қылмысты сол немесе басқа бір санатқа жатқызуына мүмкіндік бермейді.

Қылмысты дәл санатқа жатқызуға мүмкіндік беретін қосымша белгілердің түрі кінә нысандары болып табылады. Мысалы, ауыр және аса ауыр қылмыстарға тек қана қасақана қылмыстар жатады.

Ауырлығы орташа немесе онша ауыр емес қылмыстарға қасақана немесе абайсыздықпен істелген қылмыстар жатады.

Осы санаттарға сәйкес аса ауыр қылмыстарға қоғамға қауіптілік дәрежесі ерекше ауыр қасақана қылмыстар, мысалы, кісіні ауырлататын жағдайда қасақана өлтіру, мемлекетке опасыздық, бандитизм, зиянкестік, шабуыл жасап тонау сияқты қылмыс түрлері жатады.

Ауыр қылмыстарға мысалы, контрабанда, денеге қасақана ауыр жарақат салу, ауырлататын жағдайды біле тұра кінәсіз адамды қылмыстық жауапқа тарту т. б. қылмыстар жатады.

Ауырлығы орташа қылмыстарға қасақана немесе абайсызда істелген қылмыстар:мысалы, абайсызда кісі өлтіру, кісіні өзін-өзі өлтіру халіне жеткізу, денеге қасақана орта дәрежеде жарақат түсіру т. б. қылмыстар жатады.

Онша ауыр емес қылмыстарға бас бостандығынан айырмайтын жаза қолданылу ы мүмкін. Оған қорлау, жала жабу, абайсызда денеге ауыр немесе орта дәрежедегі жарақат түсіру сияқты қасақана немесе абайсызда істелген қылмыстар жатады.

Қылмысты санатқа бөлудің маңызы ерекше. Санаттарға бөлу белгісі бойынша бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтейтін режимді белгілеу:

- шартты жазаны қолдану немесе қолданбау (63-бап);
- шартты түрде соттаудың күшін жою немесе сынақ мерзімін ұзарту (64-бап);
- қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау (58-бап);
- жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату (72-бап);
- айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату (71-бап);
- рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық немесе жазадан босату (78-бап);
- сотталғандықты жою немесе алып тастау (79-бап) мәселелері шешіледі.